

Ushqyr oila! Brikke samǵa! Álemdi sharla!



Farabi

№09

ҚЫРКҮЙЕК

2023

shákirti

www.farabishakirti.kz

[@farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz)

[@farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz)

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

«Алма-Арасан» шатқалы

Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.

Журналға келесі 2024 жылға жазылу басталды.

Индекс 76081

Қала бойынша:	Ауыл/село:
1 ай – 526,90.	1 ай – 531,20.
6 айға – 3161,80.	6 айға – 3187,20.
12 айға – 6322,80.	12 айға – 6374,40.

Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.

Индекс 26081

Қала бойынша:	6 ай – 3079,80.	12 ай – 6159,60.
Ауыл/село:	3105,60,	6211,20.



Балалырыңызға қай нұсқаны жазып берсеңіздер де тиімді. 87017309312

 [farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz);

 [farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz) әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

Мұқабаның суретін түсірген: **БӨКЕЙХАН Жантөре Ералханұлы**

Farabi shakirti

№9 (49) қыркүйек, 2023 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жаннастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА

Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: **040600**
Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81
87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Зерек жасөспірімдерге
арналған
Республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01.2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526 куәлігі берілді.

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Журналдың электронды нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында қапталды.

«Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады».



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ!»

«Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз».



«Бұл - заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл - қазақ тілі».



«Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – Мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Жақында мен «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін» деп айттым. Жастарымыз көп тіл білген сайын бәсекеге қабілетті, білікті маман болады. Тіл, ұлтаралық қатынас – ішкі тұрақтылыққа ықпал ететін өзара тығыз әрі маңызды факторлар. Сондықтан, мұндай маңызды мәселелерден саяси құрал жасауға болмайды. Осындай қоғамдық тұрғыдан сезімтал мәселелерді саясиландырудың кесірінен кейбір елдер қасіретті жағдайға ұшырады. Бұл – біздің жол емес».



«Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Жақында мен «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін, – деп айттым».



«Ана тілімізді кеңінен қолдану - басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал».

Дереккөздері: egemen.kz; nur.kz; inform.kz; stan.kz

Қалижан Бекхожин

БІЛІМ ТУРАЛЫ СӨЗ

...Сүйемін мен, білім, досым,
Ол - сөнбейтін идеалым.
Ол - шаттығым, көңіл қошым,
Ол - өршіген жас қиялым.
Баласы едім ұйқылы ояу
Жатқан сұлап сары даланың.
Мен ауылдан келдім жаяу,
Аңсап көркін өр қаланың.
Онда білім бар екен.
Айбыныңа балқыдым мен.
Білемін деп сырын жаһан,
Кеттім жүзіп толқынымен.
Океаннан тердім маржан,
Ақылдастым талай томмен.
Тердім жеміс ғасырлардан,
Сөйлестім де Платонмен.
Оймен шолып, көрдім көзбен,
Көлеңкесін жер жаһанның.
Қария білім айтқан сөзден
Білдім сырын шаттық таңның.
Жас өмірім - шаттық таңым
Мені әлдилеп аймалаған.
Қуанышқа толы жаным,
Ол бақытты берді маған.
Білім бейне қиын қамал,
Бұзар оны ерінбеген.
Айтқан көсем:–
Қамалды ал,
Жас ұрпағым, ұмтыл!-деген.
Міне біздер, жас жүректер,
Сол қамалға атой салдық.
Қилы-қилы білім тауып,
Ой - жігермен қамап алдық...
Өнер-білім гүліменен
Масайрайды жастық әлем.
Миллиондардың жүрегінен
Отаныма берем сәлем:
Құшағына еркін еніп,
Жүрегімді тербеткенмін.
Қуанышқа мен бөленіп,
«Сүтінді еміп ер жеткенмін».
Шұғылаңнан енген сәуле
Өр кеудемде жалындаған.
Ой - жігерін сол кеудемнің
Отан, бәрін берем саған!

Абдрахман Асылбек

ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛДЫ

Жігерлентіп жастарды,
Оқу жылы басталды.
Білім жолын нұрлантып,
Бағындырмақ асқарды.
Оқу – білім бұлағы,
Білім өмір шырағы.
Меңгергендер осыны
Шын биікке шығады.
Айналайын, жастарым,



Қосылыпты бастарың,
Меңгеруге білімді
Ыждағаты бастарың.
Асып-тасып саспағын,
Қиындықтан қашпағын.
Шыңға шығу – шыңырау,
Құлап түсу қас қағым.
Намыс болса кеудеңде.
Ұмтыл алға өрлеуге.
Мехнаты еңбектің
Тырбану мен терлеуде.
Өзіңді өзің қамшылап,

Терің шықса тамшылап,
Қиналсаң да қаншама,
Күт алдан таң шуақ.
Жаса ұландар. Терлеңдер.
Сағат сайын өрлеңдер.
Жалқаулыққа бір минут
Уақыт таба бермендер.
Ұран емес бұл сөзім,
Ағайындық шын сөзім.
Адаспайтын ақылдан
Тура жолмен жүрші өзің.

Ғабиден Қожахмет

ШӘКІРТ

Мінезін түгел аштырған,
Күлсе де шыншыл күледі.
Лүпілдеп алға бастырған -
Білім ал дейді жүрегі.

Шәкірт-жыл біткен бағына,
Сезеді мұның өтерін.
Біледі олар тағы да
Білімнің қымбат екенін.

Достары жанында, бірігіп
Өмірге тұлпар баптады.
Ұстазы үшін - ұлы үміт,
Ата-ана үшін - мақтаны.

Ұшқанда қиял таңына
Адам боп шықсын ең кемі.
Маман боп олар тағы да
Болады елдің ертеңі!

Серікбол Хасан

БАУЫРЫМ, БІЛІМ АЛ...

Ол - кәусар ілімнің төрі еді,
Бәріміз сол жерден нәр алдық.
Жүректен өрілген өлеңі,
Мінеки, ақын боп таландық.
Ол - биік асқартау шыңы еді,
Аспанға қол созып алқыңдық.
Өмірде, сондықтан үнемі,
Барынша тек алға талпындық.



Ол - терең судағы маржан-ды,
Ұмтылып теңізге сүңгідік.
Биіктен тайғанап қалған күн,
Төменнен тірек боп тұрды үміт.
Ол - шексіз көкжиек екен тек,
Біз алар қамалдар - (жалған бақ).
Әлі іздеп келеміз, секеңдеп,
Әдемі өмірді армандап...
Бауырым, білім ал, тағы да...
Өмірде сол ғана керегі.
Білімнің бар болса жаныңа,
Бақытың өзі іздеп келеді.

Исраил Сапарбай

БІЛІМ АЛ

Біле алмаса тылсым сырын ғаламның,
Хайуаннан несі артық адамның?!
Не нәрсенің табу үшін лажын
Алдыменен оқып, білген лазым.
Әлем түні Күнмен ғана түрілген,
Адам жаны жарық алар ілімнен!
Білімсіз жан аттай алмас бір адым,
Ата-ананың ақтай алмас мұрадын!
Шыңыраудай шындық сырын кім ұғар? –
Ұғу үшін ілім ізде, білім ал!

«Түсіме тау кірегі...»

— Сен мені тауға апаршы, – деп Нұрғиса ағам телефон соқты. Иә, кәдімгі атақты күйші, дирижер, композитор!

— Жарайды аға, – деп елп ете түстім.

Біздің жақта бір-бірімен жалғасқан қарлы шыңдарын Күн сүйіп, Ай аймалаған өркештіркес таулар тізбегі сонау Хантәңірінен Оңтүстік қойнауына дейін жалғасып жатады.

— Сен білесің бе? Атабай деген тау бар дейді. Бірақ өзім көргем жоқ.

Соған апарып көрсетші.

— Атабайды жақсы білемін, аға. Мен туып-өскен Қызыләскер ауылының үстінгі жағында. Баяғыда бала кезімізде жуа, рауағаш теруге сол Атабайға баратынбыз. Ол жердің ақ жуасы сабаудай - сабаудай қалың қара тоғай – тікен мен тобылғының түбінде жасырынып өсіп тұратын. Ауылға алып келіп айранға турап, нанмен соғып алғанда дәмі қандай еді, шіркін! – деп бұл жер жайлы біраз әңгіме айттым.

Әншейінде әрнәрсені тәптіштеп сұрай беретін ол кісі жол бойы қалың ойға шомып үндемеді.

Қылта белден аса қалғанда дөңес үстіндегі қырық-елу үйлі үркердей ғана Қызыләскер ауылы көрінгенде ғана:

— Соңғы кездері түсіме ылғи тау кіріп жүр. Құлағым «Атабай, Атабай!» - деп әлдекім сыбырлағандай болады. Атабай деген – менің әкем ғой. Мен титтейімде, өте кішкентай кезімде әкемнен айырылып қалдым, көкірегімде ол кісіге деген сағыныш табы ұйып кеп тұрады. Әкем Атабай дәулескер күйші болған екен, той-жиында бүкіл елді дүрілдеген, дірілдеген күйлерімен тамсандырған, таңқалдырған күй-дәуренді, шалқыма сезімді он саусағы домбыраны

құбылтып, құлпыртқан жан еді деседі. Кім біледі, мына Атабай сол жарықтық өнері асқақтап, аспандаған әкемнің атына қойылды ма екен, кім біледі? Әлде сен білесің бе?

— Білмедім аға.

— Аға, міне тауға апаратын үш жол: біреуі Қақпатаспен асып ары Көктөбе, Үлкенсазға, екіншісі – Аспанқора тауына, ал үшінші жол Атабайға аарады, - деп ортаңғы қостабан шөп басқан жол сорабымен өрге өрледік.

Машина тауды қиялай салынған иір жолды қуалай биік жота үстіне шығып, ары қарай еңіске қарай эзер жылжып келеміз, сәл қия кетсең өте қауіпті. Ақырындап сай табанына келгеннен кейін, машинадан түсіп, Нұрғиса ағам жан-жағына қарап, рахаттана керілді.

— Аға, міне мынау Атабай, әне сайында сарқырап ағып жатқан Атабай өзені. Қараңызшы, «бүлдіргені жүректей, балдырғаны білектей қасиетті Атабайға кірген малдың құлағы ғана көрінетін шөбі қалың, суы шекер жер екен», - деп Асан Қайғы бабамыз дәл осы араға түнеп, осылай деп айтып кеткен екен дейді.

Атабай өзенінен қос-қолдап көсіп алып бет-аузын жуды, тау іргесін жарып шығып жатқан бастаудың суын ішті. Ары-бері жүріп, әр түрлі шөпке тамсана қарап, искеп көріп, қалай аталатынын сұрап, ағам мәре-сәре болды да қалды.

— Асан Қайғы осы Атабайға түнеген дейсің, ә?

— Баяғыда Тәуке хан да бір жаз жайлауын осында өткізіпті. Өне мына

Атабай өзені барып Тәуке өзеніне құяды.

— Апыр-ай, ә? Қызық екен!

Атабай сайының іші мамыражай, төменде аптап ыстық күйдіріп тұрса мұнда қоңыр салқын.



**Нағашыбек
Қапалбекұлы,
жазушы**

Қалың шалғын, шөп біткен белуардан келіп теңіздей толқып тұрған балбыраған уыз шақ. Өзен жағасында балағын суға салған жалбыз иісі бұрқырайды, суатқа түскен балапандарын ерткен кекіліктер бізден шошып пыр-пырлай ұшып қырдағы қалың тобылғының ішіне сіңіп жасырынды.

— Жәннәт бақ, нағыз ұжмақ осы емес пе! – деп Нұрағам көңілі өсіп, жадырап жайнап кетті.

— Саған бір әңгіме айтайын. Димаш ағам нағыз ұлы адам ғой, Қонаевты айтамын адамзаттың пайғамбары. Алдына қандай мәселемен барсаң да бірден шешіп береді. «Үлкен оркестр құрсам деп едім», - деп ұсыныспен бардым. Ол кісі тыңдап алды да «Үлкен керемет Құрманғазы оркестрі бар емес пе?» – деді. «Ахмет Жұбанов ағам құрған Құрманғазы оркестрі бүкіл қазақ өнерін биікке көтеріп тұр. Ал, мен таза этнографиялық, баяғыда болған, кейін ұмытыла бастаған қазақтың көне неше түрлі аспаптарын тауып, зерттеп, соларды оркестріме орындатпақпын» дедім. «Жарайды онда» деп келісіп аты қандай болатынын сұрады. «Отырар сазы» деп едім, Димаш ағам дән риза болды да «Нұрғиса тек ұятқа қалдырып жүрме. Бастамаң тамаша екен», - деп ақ тілегімен шығарып салды.

Жаңа тұрғыда, этнографиялық оркестр құру оңай болған жоқ. Іздендім, зерттедім, оркестр мүшелерін мың сан сынға салып, көне аспаптардың көмейін ашып, тың тыныс беріп күмбірлетіп, дүрілдетіп әкеттік емес пе! Димаш аға кейін «Отырар сазы» оркестрінің өнеріне керемет риза болып, «Жарайсың Нұрғиса!» деп арқамнан қаққанда алты қат аспанға шарықтап ұшып шыққандай ғаламат күйде болдым емес пе? Оркестр мүшелеріне үй берді, қанаттандырды, қайраттандырды, көмегін аямады. Міне, нағыз данышпан!

Қызыләскер ауылындағы өнерлі інім Төкеұлы Ерғанымға табыстап қойғанмын. Қайтарымызда өзі қарсы алып, шаңырағына алып келді. Балбыратып қазанға пісірген сірне уылжып тұр, кепенің басын Нұрағамның алдына қойып, бата сұрадық.

Мәре-сәре болып, көңілді қайттық. Үлкен жолға шыққан соң машинаны тоқтатып, Нұрағам далаға шығып, тау жаққа сүзіле ұзақ қарады кеп.

— Аға, анау Қордай – Өтеген батырдың, Дегерес – Шапырашты Наурызбай батырдың, Суықтөбе – Қарасай, ал Сарыжазық – Сұраншы, Саурық



батырлардың, Қарақия – Сүйінбай ақынның, Майтөбе – Жамбыл атамның жаз жайлаған жайлаулары болған таулар.

— Ал сенің тауың бар ма?

— Аспанқора мен туған жер, біздің жайлау – деп Аспанқораны көрсеттім.

— Онда Атабай – Нұрғисаның жайлауы деп қой. Мен жылда киіз үй тігіп Атабайда жазда жататын боламын. Келер жылы міндетті түрде келемін Атабайға, ән-күйлер шығарамын, қасиетіңнен айналайын туған жерімде! – деп ағам толқып кетті.

Келер жылы ғалым інім Ғабит Сәбитұлы деген інім Атабайға үй тігіп мені арнайы шақырды.

Атабай өзенінің жағасында ары-бері жүріп қайран асыл текті біртуар Нұрғисадай тау талантты еске алдым. Ол кісі былтыр бой жасап келген екен ғой. Көп ұзамай мәңгілік мекеніне өзі аманаттап кеткен жерге – Жамбыл тәтесінің жанына жерледік емес пе!

Бүкіл әлемнен келген қонақтар Жамбыл бабаға және жанында жатқан Нұрғиса Атабайұлына зиярат етіп, құран оқытады.

Әне, зүмірат шыңдары күнге шағылысқан таулар тізбегі Нұрағамның ән-күйлерін, өнерін сағынғандай мұңая қарап қалыпты.

Иә, бәріміз де Сізді сағынамыз...



Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. (1858 — 1931, Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған) — ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы.

Мәшһүр-Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ:

«Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт»

ӘБДІЛДӘ ТӘЖІБАЕВ, Қазақ әдебиетінің ақсақалы:

«Қазақ зиялыларының, ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.

Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?!—

деген жойқын өнерлі ақын Сұлтанмахмұтты Абайға жалғастыратын ортада осы Мәшһүр Жүсіп тұр.

СӘБИТ МҰҚАНОВ:

«XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшһүр Жүсіп Көпеев».

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

Бұлақ көзі

Шығады: «асыл - тастан, өнер - жастан»,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.

Мысалы ғылым таппақ сол секілді:
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.
Жігітке талаптанған жүз мың рахмет,
Өрқайда сен білгенің ырзық шашқан.
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,
Салса егер түзу жолға – болса адасқан.
Халық үшін жанын қиып шыққан болса,
Қайырлы әр қадамы болсын басқан!

Көрсетіп тар орында таудай қайрат,
Құтқарса мұқтаждықтан, болса адасқан!
Қазақ қор болар ма еді, көп болса егер,
Шаһбаздар осы айтқандай өнер асқан?!
Немене бұл күнгі хал ойлап тұрсақ,
Жақсы жоқ өз басынан пайдасы асқан!
Азырақ дәулет біткен кісі болса,
«Мен баймын, сен кедей!» – деп, мал санасқан.
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
Жігіт жоқ өнерпазбен бір жанасқан!
Үмітсіз (нематсыз) байланамыз, бәрі надан,
Мұхираб сан жәрдемнен аулақ қашқан.
«Анау артып, мен кейін қалам ба?» – деп,
Өзімен-өзі күншілдікпен құр таласқан.
Молдалар пайдалы іске уағыздамай,
Керексіз ұсақ сөзбен бақасласқан.
Құзғындай қызыл көрсе барар жетіп,
Кісіні көрсе билер бір дауласқан.
Бойында әділдігі ұмыт қалып,
Билікке сөз сөйлей ме жаза алмастай?!
Уа, Алла, көзім көрді мұның бәрін
Наныңыз жалған демей, шын растай!

Наурыз тілегі

Біреуім екеу болып, мал қосылды,
Қорама жүз-жүз лақ, қозы толды.
Ызғарлы, қыс-зымыстан, суық кетіп,
Аспаннан күн күлімдеп, шырай [қонды] енді.
Ұзамай қар да кетер, жаз да болар,
Сай-сала күрілдесіп, суға толар!
Бөленіп жер жеміске, мың құлпырып,
Шалғынға көкорайлы ауыл қонар.
Жаз исі бүгін келді, жан жайланды,
Кешегі көрген бейнет артта қалды.
Өмірге жаңа жолдар ашатұғын
Жаңа жыл- бүгінгі күн - жаздың алды.
- Қатын тұр, көжеңді ішіп, асыңды сал!

Келейін түске шейін мен жайып мал!
Жаңа жыл - шілде күні - өмір басы,
Тойынсын бүгінгі күн жас балалар!
Бас қосқан: шалдар, жастар бөлек-бөлек,
Қамдаған үй қожасы мейрамды елеп.
Шараны шайқалдырып алып салды
Шалдардан енді бұған бата керек!
- Ақсақал, «илай-аумин»- батаңды бер,
Көгерсін көкірегінде ең кіші ел!
Бір малын келер жылға екеу қылып,
Кәсіпке жұмылмаған қалмасын ер!
Береке күннен — күнге таса берсін,
Кедейдің үстемдігі аса берсін!
Құдайдың не бергені қайырлы боп,
Ел өрлеп ілгері аяқ баса берсін!

*Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары — қазақ тілі.

*Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті.

*Кедейлік үш ағайынды болады: үлкені — кежірлік, ортаншысы — еріншектік, кенжесі — ұйқы

Шын жақсының бойында болмас кегі.
Не нәрсе талаптансаң табылады.
Не пайда күш жоқ болса, нарлығыңнан,
Пайда жоқ, кең болмасаң, тарлығыңнан.
Көрінбеген нәрсені аламын деп,
Айырылма қолыңдағы барлығыңнан.
Не нәрсе талаптансаң табылады
Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса,
Халқынан бойын биік асырмаса,
Бәріне мұсылманның бауыр болып,
Аулаққа бойын тартып қашырмаса.

Не нәрсе парыз болса, ғылым — парыз,
Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз

Ай қараңғы, күн бұлт, түн деменіз,
Біреу жарлы, біреу бай, күндеменіз.
Ата тілін сыйлаған адал ұлды
Хат оқыған молдадан кем деменіз.

Дереккөзі: bilimall.kz; Abai.kz

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

БУЫНСЫЗ ТІЛІҢ

Буынсыз тілің,
Буулы сөзің
Өсерлі адам ұғылына.
Кісінің сөзін ұққыш-ақ өзің,
Қисығын түзеп тұғырыға.

Сезімпаз көңіл Жылы жүрек
Тапшадым деп түңілмес.
Бір тәуір дос Тым-ақ керек,
Ойы мен тілі бөлінбес.

* * *

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Орта жолда бүріп тастап оқ құзғын,
Құлап жаттым құшағында көк мұздың,
Қасіретімді –қазақ тілін қанат қып,
Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім.
Көкірегінен атылса да оқ күздің,
Жаз етіп мен күздің өзін өткіздім.
Шаттығымды – қазақ тілін қанат қып
Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім.
Сол тілменен дүниені атадым,
Таптым бүкіл тіршіліктің атауын.
Жатты онда уыз сүті ананың,
Жатты онда аманаты атаның.
Сол тілменен махаббатқа тіл қаттым,

Сол тілменен талай гүлді жырлаттым.
Сол тілменен сөбилерді сөйлетіп,
Талайлардың көз жастарын құрғаттым.
Сол тілменен аспан көрдім,
жер көрдім,
Сол тілменен көгершінге жем бердім.
Сол тілменен дүниеден кетемін,
Сол тілменен дүниеге мен келдім.

* * *

Жарқылдайды алдымызда:
Аспан – қала,
Жұлдыз – шамдар,
Бұлт ұқсайды қарлы құзға,
Борандайды күміс шандар.
Қобалжымай ой, өріне
Сол бұлттарды баспалдақтап.
Біз барамыз Ай еліне
Алшаң басып аспанды аттап.
Ата-баба арманының
Жібермейміз жай есесін.
Жердің көкке жалғап жырын
Аралаймыз Ай көшесін.

* * *

МҰХТАР ШАХАНОВ

ТӨРТ АНА

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға
келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,

«Қарт адамды кемсіткенде шыдай алмадым»

Зейнеткерге араша түскен Жаннұр марапатталды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 15 жастағы Жаннұр Нұржанға қоғамдық көлікте қарияға көмек көрсету кезіндегі мейірімділігі, батылдығы үшін грамота мен естелік сыйлық табыс етті, - деп хабарлайды Massaget.kz.

«Сіз түсірген видеоны әлеуметтік желіден көрдім және көп алматылық сияқты бұл оқиға мені де бей-жай қалдырмады. Бір жағынан, жолаушылардың әрекетіне қынжылдым, ал екіншіден, сіздің әрекетіңізге риза болып, өзіңізбен мақтандым. Ересек адамның өзі мұндай қадамға барып, көпшілікке қарсы тұруға батылы бармас еді. Біздің Президентіміз айтқандай, Әділетті



Ерболат Досаев және Жаннұр Нуржан

Қазақстанды жауапты әрі адал азаматтар ғана құрады. Сіз жоғары жауапкершілік таныттыңыз. Мұндай жастар барда, болашаққа деген сенім бар», - деді әкім кездесуде.

Еске сала кетейік, қаладағы қоғамдық көліктердің бірінде қария еденге абайсызда тосап төгіп алса керек, ашуланған жолаушылар оны жерден алып, жерге салған. Бұған шыдамаған бойжеткен қарияның мұны әдейі істемегінін айтып, түсіністікпен қарауға шақырған. Соңында едендегі тосапты өз жейдесімен сүртіп алған.

AstanaTV



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ МҰҒАЛІМ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ПЛАТФОРМА ӘЗІРЛЕДІ

«Жобаның басты жаңалығы — сабақ барысында білім алушы жаңа сабақтың мазмұнын толық ашу үшін түрлі сала бойынша ақпараттарды пайдалана отырып, ресурстарды жүйелеп және оны әдістемеге қосуы қажет. Бағдарлама педагогикалық идеяны инновациялармен жүзеге асыруға мүмкіндік береді», - дейді платформа авторы.

Платформаның аты да ерекше, ол «Әлемді таны. Серік ағаймен бірге оқы» деп аталады. Платформаны пайдалану арқылы оқушылар пәндік олимпиадаларға, ҰБТ-ға дайындала алады. Қазіргі уақытта оған жаңартылған мазмұн бойынша елдерді тану деректері енгізілуде.

ҚР Оқу-Ағарту министрлігінің ресми сайты

Қазақ шошаласының тарихы Ботай дәуірінен басталады



Қазақ этнографиясы мен мәдениеттану ғылымдарының нашарлығын, өзге жұрттың соңында қалғанын біз күн сайын аңғарамыз. Күні кеше біздің ата-аналарымыздың заманында күнделікті қолданыста болған дүниелер қазір із-тозсыз көзден ұшып барады. Заманның соңынан ілескен жақсы ғой, бірақ осы орасан жылдамдыққа ілесеміз деп біз өзіміздің мындаған жылдар бойы тіршілігімізге жаратып келген материалдық және рухани құндылықтарымызды керексіз қылып тастап кеткеніміз, жадыдан шығарып ұмытқанымыз жанға батады. Бүгінгі әңгіме бірнеше мың жылдардың арасын жалғаған ғажайып тарихы бар, біздің шаруашалық тұрмысымызда береке көзі болған шошалаға қатысты.

Шошала туралы зерттеулер жоққа тән. Біз қазақ этнографиясы саласындағы еңбектерді ақтарып бір ғана кітаптан тұщымды мәліметерді кездестірдік. Бұл ұлт мәдениетінің жанашыры болған атақты мемлекет қайраткері Ө.Жәнібековтың «Жолайрықта» кітабы. Зерттеуші шошалаға сипаттама бере келе оның қазақ жерінің әр өңірінде «шымнан, қамыстан, қамкесектен, қыштан, тақтатастан тұрғызылатынын», тек «Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл сияқты бұрын орманды-далалы болып келген аудандарда бес қабырғалы етіліп қиыстырылып жасалатынын, ағаш шаңырағы түндікпен, кіріп-шығатын ойығы -

киіз есікпен жабылатынын» жазады.

Ө.Жәнібеков пікірінше шошала «қазаққа тән тұрақты мекенжайдың ең көне нұсқасы» (Жәнібеков, 1995, 40 б.). Біз де шошала қазақ жеріндегі адамзат баласы мекен еткен ең көне баспана екенін толық қуаттаймыз.

ШОШАЛА СИПАТТАМАСЫ

Әр жерде құрылыс материалдарына байланысты шошаланың аймақтық ерекшеліктері бар. Мысалы, шошаланың қабырғалары солтүстік өңірде ағаштан



жағы, әдетте 10 – 15 жіңішке леу ағаштан жасалып, оның үстінен жұқа талмен шабақтап, оның үстінен шыммен жабылады. Шошаланы кей жерлерде ескі киізбен немесе қамыспен жауып, лаймен сылайды. Шошаланың жоғарғы жағы киіз үйге ұқсайды, бірақ конус тәрізді шатыр десек болады.

Төбесін көтеріп тұратын ортаңғы бөлігін жіңішке дөңбектен төрт бұрыш тіреу етіп құрастыратын тәжірибе бар, оның төменгі жағы жерге көміліп орнатылады. Мұндай құрылғы болмаған жағдайда бірнеше жерден бұтақтары бар дөңбек ағаштар орнатылуы да мүмкін. Бұл бұтақты ағаштарды асадал деп атайды. Шошаланың жоғарғы жағына етті, қарынды, басқа заттарды іліп қоятын бірнеше жіңішке сырғауылдар көлденеңінен бекітіледі.

ШОШАЛА СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Шошала атауы қазақ қоныстанған бүкіл далалық өңірде түгел және Оңтүстік Сібір сияқты көршілес аймақтарда да қолданыста болған. Қазақстанның шығыс аймақтарында, Қытай және Моңғол қазақтары арасында шошаланы тошала деп атайды, бұл ш мен т дыбыстарының өзара ауысу заңдылығына байланысты пайда болған құбылыс. .

Қазақстанның негізгі орталық, солтүстік, шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарында шошала сөзі асу сақтайтын, ас пісіретін, құрт қайнататын арнайы құрылыс, немесе ортасында жер-ошағы бар ас үй, шаруашылық үй ретінде қолданылады (кілет, летняя кухня т.б.). Қазақстанның батыс өңірлерінде (Жайық бойы, Сырдың төменгі жағы, Ақтөбе, Ырғыз т.б.) және оған жапсарлас Түркімен, Орынбор жағында шошала деп малға, әсіресе сиырға жәйсіз жәндікті айтады (овод, gadfli). Қазақстанның өзге өңірлерінде бұл ұшатын сона сияқты жәндікті сәйгел деп атайды. Батыс аймақтарда бұл сөз неге жәндікке қатысты айтылады, оны анықтау өте қиын. Бұл мәселе тым ерте кезеңдердегі тарихты, мысалы алғашқы сиыршы тайпалар мен жылқышылар арасындағы қарым-қатынасты да нұсқауы мүмкін. Ұлы дала тұрғындары алғашқы бетте сиырды қолға үйреткені, кейін соның тәжірибесін пайдаланып жылқыны бағындырғаны анық.

Біздің ойымызша объективті анализ жасау үшін шошала сөзін екіге бөліп қарау керек. Оның бірінші бөлігі – шош - үшкір, сүйір, конус сипатындағы дүниеге, затқа, оқыс мінезге қатысты қолданылады. Мысалы - шошақ, немесе шошаю, бұдан әрі шошалаң, шошақай, шоштию т.б. Енді шошала сөзінің екінші бөлігіне келейік, бұл жерде мәселе оңай шешіледі. «Ала» сөзінің түпкі мағынасы алаша сөзімен, яғни жылқымен байланысты. Бұл тақырыпқа қатысты біздің «алаша» сөзінің

бұрап (сруб түрінде) жасалса, немесе талдан тоқылса, орталықта тастан қалынады, оңтүстікте қам кесектен салынады. Кей жағдайда шошала аралас құрылыс материалдарынан жасалады, мысалы негізгі ірге тастан қаланса, жоғарғы жағы ағаштан т.б.. Шошаланың барлық түріне ортақ бір ерекшелігі жоғарғы жағының шыммен жабылуы. Бұл шошала ішінде қоңыр салқынды тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге тағы бір ерекшелік-солтүстік ағашты аймақта шошала үй ауласында жеке орнатылса, орталық және оңтүстік өңірде негізгі тұрғын үйге жалғас болып келеді. Бүгінгі күні шошала барлық аймақтарда шаруашылық құрылыс есебінде қызмет атқарады.

Қазақстан жеріндегі шошала түрлерін салыстыра келе біз оның ең тарихи және классикалық түрі Көкше аймағында кездесетін орташа бөренелерден алты қырлы қылып жасалатын түрі деп есептейміз. Шошала құрылыс материалдарының әр түрлі болуына қарамастан архитектурасы жағынан бір – біріне ұқсас. Оның негізгі ерекшелігі іргетасының шеңбер түрінде болуы, аса биік емес (шамамен 150-160 см) негізгі ірге және шошақ формадағы жоғарғы жағы (170-200 см). Қазіргі күні, әрине, алты қырлыдан төрт бұрышқа ауысқандары көп.

Шошаланың күмбез жағы негізгі іргеден биік болатыны өте қарапайым түсіндіріледі, оның ортасына жер ошақ қазылады да, одан шыққан түтін жоғарыдағы шағын шаңырақ арқылы шығады. Егер күмбез жағы қысқа болса шошаланың іші түтіндеп кетеді. Сол себепті мәселен сіз шошаланың ішінде ет ыстайтын болсаңыз шаңырақты жауып қоясыз. Шошаланы негізгі іргесін ішінен сылап ақтап қояды, жоғарғы

этимологиясына қатысты еңбектерімізді қараңыз (Артықбаев, 2017, с.265-295).

Соныменен осы талдауды тиянақтасақ «шошала» сөзінің алғашқы мағынасы түсінікті, ол жылқышы елдің шошақ үйі, яғни конус бейнелі үйі дегенді білдіреді.

ШОШАЛА ТАРИХЫ

Жоғарыдағы этимологиялық талдау шошаланың өте көне ұғым екенін дәлелдейді деген пікірдеміз, яғни шошала алғашқы жылқышылық заманнан-энеолит дәуірінен, біздің жыл санауымызға дейінгі IV-III мыңжылдықтардан қалған асыл мұра. Қола дәуірінің Шағалалы қонысын қазған А.М.Оразбаев осы қоныстан табылған үй-жайларды қайта қалпына келтіру барысында олардың тура шошала типтес болғанын анықтады. Бұл сәйкестік қола дәуірі үйлері мен қазақ шошаларында бірдей кездесетін тіреулерден де аңғарылады (Оразбаев, 1970, с. 67-83). «Мир кочевников центра Азии» атты тамаша монографияның авторы С.И Вайнштейн шошала типтес үйлердің сақ (скиф, скуз, ишгуз) заманында да көп қолданылғанын жазады: «Срубные сооружения были, несомненно, известны древним жителям Саяно-Алтая в скифское время, о чем позволяют судить погребальные камеры в курганах Тувы (Саглы, Кокэль, Аржан) и Алтая (Пазырык, Башадар). Этнографтардың пікірінше Сібірдегі Бояр жазбаларындағы (Боярская писаница) ғұн қонысы ағаштан қиып салынған үйлерден тұрады.

Ғұндар пайдаланған киіз үйге ұқсас, ағаштан қиып (бұрап) жасалған, мүмкін талдан өрілген жартысфералық шалаш шошаланы көзге елестетеді. С.И Вайнштейн «Дарбазная конструкция кровли срубных жилищ, известная хакасам, бурятам, якутам, тувинцам, также достаточно древняя. Срубные многогранные юртообразные сооружения были известны, вероятно, и средневековым кочевникам Средней Азии, Казахстана, Южной Сибири» дейді.

Ғалымдардың пікірінше ағаштан қиып салған үйлерді Шығыс Еуропаға алып барған дала көшпелілері: «Вполне вероятно, что и выявляемые археологически следы круглоплановых жилищ с углубленными в землю жердями и стенами, обмазанными глиной, встречающиеся в лесостепях Восточной Европы во второй половине I тысячелетия н.э., принадлежали перешедшим к полуоседлости или оседлости кочевникам этих регионов, знакомых ранее с юртой» (Вайнштейн 1991, с. 47-57).



Соныменен шошала жалпы Еуразия алқабындағы тұрғын үйдің, соның ішінде киіз үйдің генезисінде айрықша қызмет атқарды деп есептейміз. Оның тарихы энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының орманды-далалы алқабын, яғни барабты мекендеген қауымдардан басталып XX ғасырдың 80-ші жылдарына дейін жалғасып жатыр.


Сөз соңында шошалаға қатысты деректерді, суреттерді табуға жәрдем жасаған шәкірттерім, мықты этнографтар Саят Ыбыраев пен Зубайда Сурагановаға алғыс білдіремін.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.
«Қазақстан тарихы» порталы

1. Өзгеше фигураны табыңыз.



2. Бос орындағы сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін фигураны табыңыз.





3. Өзгеше сөзді табыңыз.

- A) Үй
- B) Күрке
- C) Бунгало
- D) Орындық
- E) Лашық үй

4. Бір аралда ауа-райы таңғажайып тұрақты екен: дүйсенбі және сәрсенбі күндері ылғи жаңбыр жауады, сенбі күндері тұман басып тұрады, бірақ қалған күндері күн шайдай ашық. Бір топ туристер 44 күндік демалыс үшін бұл аралға келді. Егер туристер бұл аралда барынша ең көп ауа-райы ашық күндері болғылары келсе, онда қай күннің таңертеңінен бастап демалыстарын бастаулары керек?

- A) дүйсенбі
- B) сәрсенбі
- C) бейсенбі
- D) жұма
- E) сейсенбі

5. Бос орындағы сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін фигураны табыңыз.



6. Төмендегі сандар фигуралармен өрнектелген. Сол өрнек бойынша сұрақ белгісінің орнына қай фигура сәйкес келетінін жауаптардан белгілеңіз.

4313
 3616
 6264 \Rightarrow 3432=?
 4131
 3432

- A) $\wedge \blacksquare \neq \blacksquare$
- B) $\blacksquare \Delta \neq \Delta$
- C) $\wedge \neq \blacksquare \neq$
- D) $\blacksquare \wedge \blacksquare \circ$
- E) $\Delta \circ \Delta \wedge$

7.

$$\begin{array}{r} abc \\ \times 2d \\ \hline + 470 \\ \hline \end{array}$$

a, b, c және d цифрлары арқылы abc үш таңбалы санмен 2d екі таңбалы сандардың көбейтіндісі берілген. Олай болса, abc үш таңбалы санын табыңыз.

- A) 215
- B) 225
- C) 235
- D) 245
- E) 255


8. Төмендегі сөздерді сандарға айналдырсақ, ерекшеленген сөзді төмендегі жауаптардағы қандай санмен белгілейміз?






LAV
FİN
NAZ
ANİ
KAV

FİN=?



- A) 816
- B) 361
- C) 432
- D) 639
- E) 532






9. Сұрақ белгісінің орнына тиісті фигураны қойыңыз.




- A) 
- B) 
- C) 
- D) 
- E) 

10. Сұрақ белгісінің орнына келетін фигураны табыңыз.



- A) 
- B) 
- C) 
- D) 
- E) 

11. Төмендегі суретте жолдардан бір рет қана жүріп және әрбір әріптен өтіп, А-дан Е-ге неше өзгеше жолмен баруға болады?



- A) 7
- B) 8
- C) 10
- D) 6
- E) 12

Дайындаған: АБУТАЛИЕВ Диас,
ТӨРЕХАН Ердаulet.

Логикалық есептер журналдың №01(35) нөмірінде жарияланған.

Дұрыс жауаптары: 1) E; 2) E; 3) D; 4) C; 5) C; 6) D; 7) C; 8) A; 9) A; 10) C; 11) D.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетіне қарасты Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары Франциядан табылған Қасым ханның әйелі Айша ханымның қолжазба көшірмесін басып шығарды, - деп хабарлайды Qazaqstan tarihy.



Франциядан Қасым ханның отбасылық қолжазбасы табылды

Қолжазба - түркі тіліндегі (қыпшақ диалектісі) мұсылман теологиясы бойынша жазылған. Ғалымдар белгілі шығыстанушы В.П.Юдиннің XVI ғасырдың басындағы «Таварих гузида Нусрат нама» қолжазбасын көне қазақ тілінде жазылған деп сипаттағанына сүйене отырып, бұл жазбаны да аталған туындыға жақын деп тұжырымдайды.

«Қолжазба жеті тараудан тұрады. Әрбір бөлім исламның қасиетті кейіпкерлеріне қатысты бір немесе бірнеше хикаялармен толықтырылған. Бұл еңбек XV ғ. соңында өзбек-қазақ сұлтаны Қасым Жаһангирге (Қасым хан) үйленген Тимуридтердің билеушісі Сұлтан Хусейн Мырзаның қызы Айша сұлтан ханым-бегімге арналған. Қолжазба – Айша сұлтан ханым-бегімнің жеке кітапханасында сақталған. Кітап Шайбанидтер Мауереннахрға келгеннен кейін Орта Азиядан қашқан Тимуридтер арқылы Үндістанға жеткен.

Қолжазбаны XIX ғасырда Францияның Ұлттық кітапханасы сатып алған. Қасым сұлтан мен Хусейн Байқара арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас белгісі және Қасым сұлтан мен Айша Бегімнің (Хусейн Байқараның қызы) үйленуінің болжамды күнін Хондемирдің «Хабибу Сияр» кітабынан байқауға болады», - деді Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Қуат Бораиш.


Кітапты түптеу жұмыстары 2 аптаға созылған. Көшірменің жекелеген беттері біріктіріліп, бүтін блокпен мақта жібін қолдану арқылы тігілді. Сондай-ақ мұқабасына арнайы батист матасы қапталып, картон қағазы мен қанық жасыл түсті табиғи былғары қолданылды. Қолжазбаның түпнұсқасы Париж Ұлттық кітапханасында сақталған. Қолжазба шамамен 1501-1515 жылдары жазылған. Тарихи мұраның басы мен соңы болмауы себепті толық нұсқасы сақталмаған.

Автор: E-history.kz

Қасым хан

Қазақтың ұлы хандарының бірі (1445 – 1521 жылдар). Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Өз-Жәнібек хан-ның ортаншы баласы және Шайбанидтер мемлекетінің ханы Мұхаммед Шайбани ханның бөлесі. Шешесі Жаған-бегім Ханым Шайбани әулетінің атақты ханы Мұхаммед Шай-банидің інісі Махмұд сұлтанның шешесінің туған сіңілісі.

Тарихта Қасым ханның есімі Қазақ хандығының күшеюі және нығаюымен тікелей байланысты. Жазба деректерде Қасым хан 15 ғасырдың 70–90 жылдары Қазақ хандығының Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізген күрестерге белсене қатысады, басшылық етеді.



Сурет: facebook/Қуат Бораш

Қасым ханның тарихта үш ұлының аты қалған. Олар: Мамаш, Хақназар хандар және Әбілқайыр сұлтан. Мамаш хан Қазақ хандығының тарихындағы аласапыран кезеңде билік етіп, қақтығыс кезінде қаза тапқан. Ал Хақназар хан қазақ халқының тарихында ұлы билеуші ретінде қалғаны белгілі. Әбілқайыр сұлтан Әзірбайджан шахы Исмаилмен болған шайқаста 1511 жылы қаза болған. Ал Қасымның немерелеріне келсек, Мамаш ханның ұрпақтары туралы белгісіз.

Әбілқайырдың ұрпағы жоқ. Хақназардың үш ұлы бар олар: Мыңғатай, Дінмұхаммед (Тыным) және Бозғыл. Мыңғатай мен Бозғыл сұлтандар 1579 жылы Ташкент әміршісі Баба сұлтанның қолынан қаза болды. Тыным сұлтан Ташкент уәлаятының әміршісі және Ұлы жүздің ханы болған. Кейбір деректерде Тұрсын Мұхаммед хан сол Дінмұхаммедтің ұрпағы деп айтылады.

Қасым ханның қасқа жолы — қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығы. Бұл заңға енген ережелер:

- ✓ мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы);
- ✓ қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу);
- ✓ әскери заң (қосын жасақтау, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.);
- ✓ елшілік жоралары (майталман шешендік, халықаралық қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық);
- ✓ жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл міндеттері).

Бұл жарғы халық арасында ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кетті. «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз XVII ғасырға жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598 - 1645) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа атқа ие болды.

«Уикипедия»

ашық энциклопедиясы

БАБЫР:

«Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мыңға жуық адам бар еді».

ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫР:

«Олардың арасында (Жәнібек хан ұлдары арасында – автор) аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысында патшалық етті. Төңірегіндегі уәлаяттарды өзіне қаратты. Оның хикаялары әр жерде кездеседі, көпке мәлім-мәшһүр».

МАХМУД БЕН УӘЛИ:

«Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігін күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды» деп баяндайды. «1515/1516 жылы Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның әскерінің саны миллионға дейін жетті».

EGEMEN QAZAQSTAN,
11 Қазан, 2021 жыл



«ТУҒАН ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ»



Тіл – мемлекеттің басты белгісі, елдің негізі. Ол адамзатты байланыстыратын, ой мен сөздің тасымалдаушысы ғана емес, ұлттың өзегі, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бабалар мұрасы. Біз бұл бай мұраны бағалаймыз. Өздеріңіз білесіздер, мемлекетіміздің негізгі тілі – қазақ тілі. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында нақты көрсетіліп, мемлекеттік тіл болып белгіленген. Естеріңізде болса, бұрын бұл мереке қыркүйек айының үшінші жексенбісінде тойланатын. Айта кету керек, Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің өзіндік сыры бар.

Өйткені бұл күн – халқының азаттық жолына басын тіккен, ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Тіл мерекесін «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды» деп, қоғамдық сананы тіл тазалығын сақтауға үндеген Ұлт ұстазының туған күніне орайластыру – тәуелді санадан құтылғандығымыздың жарқын бір көрінісі, елдігіміздің бір айғағы.

Қазір елімізде қазақ тіліне деген қызығушылық

артып келеді. Оның айқын нәтижесі – іс қағаздарының міндетті түрде қазақ тілінде жүргізілуі, сондай-ақ қазақ тілді балабақшалар мен мектептердің және тіл үйренушілер санының артуы.

Тілдерді мерекелеу күні Тілді құрметтеу ғана емес, сонымен қатар елдегі ұлтаралық келісім мен рухани ынтымақтастықтың құралы болды.

Осы мерекеге орай Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасында ақпараттық сағат өткізілді. Іс – шарамызға «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының кітапхана меңгерушісі Нұрғұл Нұрдаулетқызы, Ақтөбе қаласының кітапханашылары және оқырмандары келіп, кітапханамен танысты. Мерекемізге қатысты «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты кітап көрмесі таныстырылды, сондай-ақ білімді тексеру және сергіп алу мақсатында «Полиглот» ойынын өткіздік.

Өрі қарай, ақпараттық сағатта поэзия оқылып, онда әр адамның міндеті – өз ана тілін құрметтеу екені айтылды. Тіл жоғалса, бір ұлт жойылатынын, алдыңғы буын кейінгі ұрпаққа әрқашан ана тілін сақтауға нұсқау беретінін, тіл жоғалса, тұтас бір ұлттың жойылып кетуі мүмкін екенін ұмытпаған жөн.

Тіл күніне арналған мерекелік іс-шара соңында Нұрғұл Нұрдаулетқызы және С.Жиенбаев кітапханасының бөлім меңгерушісі Алтынгүль Асқарқызы жылы лебіздерін білдіріп, аға буынның міндеті – жас ұрпақты ана тілін құрметтеуге, қастерлеуге және тәрбиелеуге шақырды. Тіл – сарқылмас байлық. Қазіргі заманда ата-баба мұрасын көздің қарашығындай сақтау, жаңашылдықты елең еткізіп, ана тілін жаңа белеске шығарудың маңызы зор екені айтылды.

**Утепбергенова Аяжан,
Сағи Жиенбаев Ақтөбе облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
кітапханашысы**

«Баянауылға барғың ба?»

Асан қайғы:

«Ат ерін алмайтын жер екен,
бір түней кетемін деген адам,
бір жұма тоқтап қалады».

Менің туған жерім алтын арқаның құтты мекені атанып жүрген бай қазыналы, көгілдір таулы көрікті өңірлердің бірі-Баянауыл. Дара әулиеміз Мәшһүр Жүсіп «Баянаула қойсайшы жердің атын», - деп Қазақстанның інжу-маржаны мен мәдени рухани тірегіне айналған киелі өлкеміздің атын дәріптейді. Егер, менен сен не үшін туған өлкеңді сүйесің деп сұраса, мен мүдірместен Мұқағали атамыз айтқандай күн мен түнің, қыбырлаған жәндігіне дейін сүйемін дер едім. Өйткені, Баянауылдың табиғаты- әдемі, көрікті, сан-қилы орманға толы жусаны мен жуасы аңқыған, самал желі ескен өлке.

Жалпы, Баянауыл өңірі-ғалымдардың, жазушылардың, ақындар мен қоғамдық қайраткерлерді тудырған. Олардың есімдері әлемге танымал. Бұл даңқты Бұқар жыраудың, Шоң бидің, XIX-шы ғасырдың екінші жартысындағы және XX-шы ғасырдың бойындағы композитор Жаяу Мұса Байжановтың, алғашқы қазақтан шыққан тарихшы, ағартушылардың-Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің және қазақ әдебиетінің классигі, ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, тағы басқа зиялылардың туған жері. Баянауылдан 30-дан аса ғылым докторы және 200 ғылым кандидаты шыққан. Олардың арасында геолог Қазақ ССР ғылым академиясының тұңғыш президенті, Лениндік және мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орны ерекше. Осындай ұлы тұлғалар салған сара жолдың ізін жалғастырып, мерейін асыру үшін, бүгінде мен журналистика мамандығын тандап отырмын.

Қазіргі тарихи шақта, тәуелсіздік кеңістігінде күндей жарқырап, отаншылдық рух пен туған жерге деген махаббат сәуле шашып тұруы керек. Меніңше,

әр қазақстандық өз елінің картасына көз салып, байтақ өлкесін, туған жерін мақтан тұтуға тиіс. Жасыбай көлі Қазақстандағы ең таза көлдердің бірі. Түбі тегіс, суы тұщы. Су жер астынан келеді. Тері ауруларына дауа. Баянауылда бұдан сырт Сабындыкөл және Торайғыр бар. ХУІІІ-ғасырда Олжабай мен Жасыбай батырлар басқарған қазақ сарбаздары Баянауыл ормандарында жоңғар қолын талқандайды. Асулардың бірінде осы күнге дейін жау садақшысының қолынан андаусызда мерт болған Жасыбайдың мәйіті жатыр. Көл мен асу соның есімімен аталады. Торайғырды көрдіңіз бе?

Елдің аузында жүрген жалғыз Жасыбай ғана. Алайда, оған жақын жатқан тағы бір көл бар. Табиғатының сұлулығы Жасыбайдан аспаса, кем түспейді. Торайғыр көлі. Көл жағасындағы ауыл. Осы ауылда тарихи орындар баршылық. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуін» оқыған боларсыздар. Азап вагонынан қашып, Торайғырда тұратын нағашы жұртын паналаушы еді ғой. Ауылдың жанындағы жартасқа жасырынған, сол жартас қазір «Сәке жар» деп аталады. Торайғыр көліне жақын жерде арғы бабаларымыз-сақтардан қалған қорған бар. Ғалымдардың зерттеуінше, бұл жерде уақыт жүйелерін зерттейтін орталық-обсерватория болуы әбден мүмкін. Осында қойылған әр тастың өзіндік құпиясы бар. Солардың орналасуына қарай бабаларымыз уақытты, айды санаған, жыл мезгілдерінің қандай болатының болжаған екен. «Сәби сүйгісі келгендер осы араға келеді...» Бұл үнгірді «табиғаттың таңғажайып туындысы» дейді білетіндер. Баянауылдағы Аққарағай деген таудың етегінде орналасқан. Киелі, шарапаты тиер қасиетті жер. Шоқан да, Қаныш атамыз да, Потанин де бұл жерге тегіннен-тегін келмеген ғой.

МОЛДАШЕВА Ақбөпе,

**Е. Бекмаханов мектебінің оқушысы
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Ұзынбұлақ ауылы.**





Қазақ даласы құсбегіліктің – отаны. Егерде халқымыздың әлем этнографиясына нендей үлес қосты дегенге тоқталсақ, ұлтымыздың бекзат өнері құсбегілікті айтар едік. Өйткені, көк аспанда еркін самғап жүрген қыран құстарды жерге түсіріп, оны қолға үйретіп, аңшылық кәсіпке баулыған һәм оны классикалық түрде жетілдірген жұрттың бірі – біздің бабаларымыз.

Қазақтың құсбегілік өнері һәм шәулі қырандар

Яғни қазақ құсбегілік өнерінің тарихы терең. Мысалы, Ұлы даланың бір пұшпағы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан 70 шақырым жерде орналасқан, уақыт тұрғысынан б.з.д. II – I ғасыр аралығына жататын Аралтөбе қорғандарына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде (1999) отандық археологтар жаракты сармат көсемінің мүрдесімен бірге жерленген бүркіттің сүйек қалдықтарын тапса, Шығыс Қазақстан жеріндегі «Шілікті» қорғанынан: басы артына қайырылған шеңгелі мен көзі перуза тастармен көркемделген 36 дана қыран құстың құйма қапсырмасын тапты. Сол сияқты, Өскемен қаласының маңынан табылған Құрық қорғанынан (б.д.д IV-II ғ.ғ) мәйітпен бірге жерленген төрт бүркіттің қаңқасы шықса, «Алтын адамның» (Есік қорғанынан табылған) бас киміндегі құс бейнелі стилдер біздің жерімізде құсбегілік өнердің тамыры тым тереңде жатқанын аңғарса керек.

Сондай-ақ, 1253-1255 жылдары қазақ даласын көктей өтіп, шығысқа сапар шеккен еуропалық саяхатшы Гильом де Рубруктің күнделік жазбасында: «Көшпенділер бүркіт, сұңқар сияқты аңшы құстарды көп ұстайды. Оларды қолдарына отырғызып аң аулайды» десе, итальяндық жиһанкез Марко Поло: «Ұлы ханның (Құбылайды айтады) Баян және Минган атты ағайынды бектері бар. Халық оларды «құсбегі» деп атайды. Себебі, олар ханның қол астындағы 20

мың құсбегілер мен аңшыларды басқарады. Минган басқарған 10 мың адам қызыл түсті киім киіп, Баян бастаған 10 мың адам көк түсті киім киіп, ханмен бірге саятқа шығады. 10 мыңдықтың 2 мыңы аңшы иттерді жетектеп жүреді. Екіге бөлінген аңшы-құсшылар күншілік жерден шеңбер жасап аң-құстарды қыспаққа түсіреді. Дәл осы сәтті көру керемет тамаша әсер береді» деп жазыпты.

Осы орайда, қазақ құсбегілері қыран құстарды дене бітімі һәм алғырлығы мен тұқым-түріне байланысты бірнеше түрге бөліп, жіктеген. Мысалы, академик Әлкей Марғұлан қыран құстың аң ұстайтын қарымы мен ілу ерекшелігіне қарай екі топқа жіктейді. Біріншісі топқа – бүркіт тектес үлкен құстар қамтылса, екінші топқа – ұсақ құстар яки шәулі қырандарды жатқызыпты (Марғұлан Ә. Саят құстары. Астана; 2014. – 12 б). Аталмыш тақырыпты жіті зерттеген этнограф Бабақұмар Қинаятұлы: «Шәулі деп – ұсақ қырандарды айтады» депті.

Ендеше, жоғарыдағы шәулі қырандарға жататын құстар жайлы айтар болсақ, академик Ә.Марғұлан бұл топқа: ителгі, тұйғын, тұнжыр, қаршыға, лашын, қырғи, жағалтай, тұрымтай, сұңқар, күйкентай т.б. денесі шағын шәулі қырандарды жатқызыпты. Осы орайда, атап өтерлік дүние – көпшілік оқырман тіпті кейбір маман зерттеушілердің өзі шәулі қырандардың тобы мен тегі жайлы біле бермейді. Біз осы олқылықтың



Бүркітші қыз Айшолпан Нұрғайыпқызы

орнын толтыру мақсатында және халқымыздың ежелгі өнері құсбегілікті насихаттау жолында бұл жазбаны ұсынып отырмыз.

Сондай-ақ, филология ғылырдарының докторы, жазушы-аудармашы Сейдал Талжанов: «Жағалтай лашынның кішірек түрі, тұрымтай ителгінің ұяласы, қырғи қаршыға тұқымдас, бидайық, тұйғын дегендер бөлек құс емес. Бидайық - лашынның қыранын айтады. Тұйғын дегеніміз – қаршығаның еркегі» дегенді айтады.

Шәулі қырандардың кеңестікте аң қағу немесе аң ілу әрекетіне тоқталсақ, қаршыға тектестер құйын тәрізді ұйытқып, сыпылдай ұшса, сұңқар тектестерге сыпырта, ағызып ұшу мәнері тән. Бұлар олжасын ұстағанда ату, сыпырту, түйе тәсілдерін көп қолданады. Атам қазақта «қыран құс қисық ұшып, түзу іледі» деген сөз орамы бар.

Осыған байланысты қазақ құсбегілері шәулі құстардың аң ілуін екі түрге бөледі: Біріншісі – іліп түсетіндер. Ондай қырандардың тұяқтары салалы, ұзын, әрі өткір қармақ тәрізді болады. Олар олжасын қуып жүріп, іліп түседі. Ондай сипат тұйғын, қырғи тәрізді шәулі қырандарға тән. Екіншісі – теуіп түсіретіндер. Оған ителгі, бидайық, лашын, жағалтай және сұңқар жатады. Қазақ құсбегілері шәулі қырандармен аққу, қоңыр қаз, сарыала қаз, үйрек, ұлар, бұлдырақ, шіл, кекілік, ақ құр, дуадақ, безгелдік, жорға дуадақ, шыңырау, тарғақ, бөдене, бұлдырық сияқты дала құстарын аулайтын болған.

Келесі кезекте шәулі қырандарға жеке-жеке тоқталғанды жөн көріп отырмыз:

Ителгі. Саят құстары арасында бүркіттен кейінгі аң қағатын қабілеттісі осы – құс. Оның үлкені алты тұтам, қанатының ұзындығы жайғанда бір кез шамасындай болады. Өзге саят құстары сияқты бұл да үлкен-кішілігіне қарай: ірі, тана, бұқа, шәулі деген төрт түрге бөлінсе, түс-тұқым жағынан қара тарлан, ақ тарлан және құба тарлан деп үшке бөлінеді.

Қара тарлан ителгінің – сыртқы жүні қара қоңыр, бауыр жүні күйедей қара, беті қылшығы қара, көзінің алдына түскен қарасы желкесіне ойыса айналып,

аламойнактанып тұрады. Құйрығының үстінде ақ танадай теңбілі болады.

Ақ тарлан ителгінің – сыртқы жүні құбақан, бауыр жүні ақшыл болады. Қанат құйрығындағы теңбілдері ақ шұбар, бет қылшығы ақ келеді, ерекшелігі аламойнағы болмайды. Құба тарлан ителгінің – сыртқы жүні құбақан қызғылт, бауыр жүні қызыл шұбар тұрымтай жүндес, аламойнағы көмескі келеді. Бұл үш тұқымның бәрі де қыран болады.

Қазақ құсбегілері: басы үлкен, тұмсығы жебелі, кеудесі кең әрі қайқы, мойны ұзындау, аяғы салалы, көзінің шарасы үлкен ителгіні қыран деп есептейді. Ителгі қырандығына байланысты: «Жылаулы текті», «Тілеген текті», «Сеңсең затты», «Қара сұңқар текті» деп бөлінеді.

Жылаулы текті ителгінің – екі көзінің алдында суаттанып тұратын қара жағалы болады. Өзі ашқарақ қомағай, шабытқа ұшқанша, жем жегенше шыдамсыздық танытады, үнемі шақырып отырады. Тілеген текті ителгінің сипаты – жылдам ұшады әрі сезімтал келеді. Қонған жерінде көп отырмайды, ұдайы шабыт тілеп ерінбей ұшып жүреді. Сеңсең заты ителгі – денесі ірі әрі мойыны жуан, тұмсықты, жүндес келеді. Бұл ұшып-қона бермейді, бірақ әлді болады. Қара сұңқар текті ителгі – жүні тығыз, мойны ұзын, құйрық-қанаты қайратты, қара тіл, лашын бітімді, ұзын құйрық, қайшы қанатты болады.

Жоғарыда аты аталып, түсі түстелген шәулі қырандар жайлы қазіргі таңда көпшілік біле бермейтіні жайлы айттық. Ендеше осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында бұл мақала жазылып, шәулі қырандардың түр-тұқымы, сын-сипаты жайлы айтылды. Бірақ бұл қырандарды қалай баулиды ол жайлы айтпадық. Десек те, қысқаша көктей шолып айтар болсақ, этнограф Бабақұмар Қинаятұлының пайымдауынша, шәулі қырандарды қайырып, баптауға небәрі жарты айдай ғана уақыт қажет екен.

Ең әуелі қолға түскен құсты ду-дыбырға үйретеді. 2-3 күннен соң қоянның сыдырылып жуылған табан терісін жасаған қоя салады. Қояның түсі сарғыш-көкшіл болса баптау нәтижелі болғаны. Онан кейін суға екі-үш мәрте жуылып, сөлінен арылған сары бөртпе деп аталатын жем (ет) беріледі. Шамамен 7-10 күн өткен соң ақжем және қант араластырған сусын береді. Осылай бапталған құстың қауырсын түбі мен үлпершекте май қалмай арықтайды. Бұны етін қатыру деп атайды.

«Шәулі қырандардың ішінде лашын мен ителгіні үнемі томағалап ұстайды. Шәулі қырандарды аң-құсқа салудың қолайлы мезеті: таң ату мен күннің көтерілу арасы, кешке қарай күннің еңкеюі мен батуының арасы» - дейді кәнігі құсбегілер.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Қазақстан тарихы» порталы
(Жалғасы бар).

Қолданыстағы жаңа сөздер



Хаб (ағылш. hub - түйін нүкте, орталық) дегеніміз жалпы мағынасында, қандай да бір желінің торабы, түйіні.

Келесі салаларда қолданылады.

Логистикада:



*Географиялық орналасуы оңтайлы, жолаушыларды ауыстырып отырғызу (жолаушылар тасымалы, мысалы, Тораптық әуежай) немесе жүктерді ауыстырып тиеуге арналған көліктік түйін (жүк тасымалы).

*Компьютерлік техника.

*Желілік концентратор (мысалы, USB хаб, Ethernet хаб, кейінгі кезде коммутатор хаб)

Преференция (лат. praefereñtia - артық көру, артықшылық) - жеңілдік; белгілі бір елдерден әкелінетін тауарларға, басқаларға қолданылмайтын баж салығы жеңілдігі.

«Комплаенс» дегеніміз - дағдарысқа қарамастан, әлемдік қаржылық-банкiлiк саласы белсендi дамуда. Белсендi өсу кезеңiнде нарыққа қатысушылар, клиенттермен жұмыс iстеуге, маркетингке және нарықта қатысуын арттырса, бұл талассыз өте маңызды болып келедi, ал қазiргi таңда, басты таяныш тәуекелдiкпен, өтiмдiлiкпен дағдарыс шаралары мен бизнестiң қауiпсiздiгiн басқару бағытына қарай ауысты. Маңызды рөлдi iшкi бақылау атқарады, жекелей алып қарағанда компаенс – бақылау.

«Комплаенс» дегеніміз не? Ағылшын

(Compliance) сөзінен аударғанда «Сәйкестік» дегенді білдіреді. Компаенс – бақылаудың негізгі міндеті осындай немесе басқа да стандартқа сәйкес келмейтін тәуекелдіктің алдын алу.

Дактилоскопия (грек. daktylos – саусақ және skopeo – қараймын, көремін, бақылаймын) тұлғаны криминалистикалық сәйкестендіру, қылмыстық тіркеу және қылмыскерлерді іздестіру мақсаты саусақтарының ұшындағы тері өрнектерінің құрылысын зерттейтін криминалистиканың бөлімі.



1877 жылы адам терісінің алақан беттеріндегі папиллярлық өрнектің өзгермейтіндігі туралы гипотезаны ұсынған ағылшын Уилья Гершельдің идеяларына негізделген.



Харизма - (гр. charisma - шапағаттылық, құдай берген дарын) - аса дарындылық; қандай да бір тұлғаның қисынмен түсіндіруге келмейтін, айналадағыларға қатты ықпал ету, әсер ету мүмкіндігі. Харизма - жеке тұлғада оған бас игізгендей және оның мүмкіндіктеріне сөзсіз сенетіндей қасиеттер бар деп білу. Харизма - болымсызды болдырады. Харизмалы адамның пікіріде сөзі де өтімді.

Дереккөзі:

LinkedIn; Wikipedia; martebe.kz: Nur.kz



7 способов выучить иностранный язык

5 сентября отмечается День языков. В Казахстане разговаривают на десятках разных языков и каждый уникален по-своему. Мы уверены, что внутри каждого из нас возникало желание в совершенстве овладеть каким-нибудь языком. Сегодня мы поделимся наиболее действенными способами выучить иностранный язык.

1. Поймите, зачем вам это нужно

Без хорошего повода сложно оставаться мотивированным в таком длительном процессе, как изучение языка. Желательно найти какую-то личную причину. Учить язык, чтобы просто впечатлить своих друзей — так себе повод. А вот желание получше узнать иностранного знакомого, не бояться языкового барьера в путешествиях и другие факторы придадут необходимый стимул.

2. Найдите партнёра

Не просто собеседника, а того, с кем будет интересно делиться результатами и познавать новое. Вместе учить проще — есть с кем советоваться, проводить время с интересом, смотреть фильмы на языке, который учите.

3. Разговаривайте сами с собой

Даже если поблизости нет никого, с кем бы вы могли поделиться новыми знаниями, постоянно разговаривайте сами с собой. Это поможет удерживать в голове новые слова и выражения, а также придаст уверенности при общении с другими людьми на новом языке.

4. Сделайте изучение языка весёлым

Используйте новые знания в творчестве. Найдите любой весёлый способ, который позволит закрепить изученное: напишите стихи, придумайте простую радиопостановку, нарисуйте смешной комикс. Если вы не можете найти иностранному языку весёлого применения, то, скорее всего, вы пропустили предыдущий совет.

5. Покиньте зону комфорта

Во время изучения языка вы должны быть готовы к тому, что вы будете делать ошибки и попадать в неловкие ситуации. Вы можете ошибиться



в произношении, перепутать слова или просто забыть что-то. Но это неотъемлемая часть обучения, без которой вы далеко не продвинетесь. Если вы оказались в стране, язык которой изучаете, не бойтесь спрашивать дорогу у прохожих и заказывать еду в ресторанах. Чем чаще вы будете это делать, тем уверенней вы будете разговаривать.

6. Слушайте

Каждый иностранный язык поначалу звучит странно, но чем больше вы будете слушать, тем более привычным он будет становиться для вас. Не бойтесь новых звуков — человек может произнести всё что угодно. Чем чаще вы будете слышать непривычную речь, тем легче вам будет разговаривать в дальнейшем.

7. Смотрите, как говорят другие люди

В разных языках разные требования к движениям языка или губ. И видеть эти движения так же важно, как и слышать новую речь. Для этого необязательно быть знакомым с носителем языка — можно тренироваться на иностранных фильмах и телепередачах.

По материалам сайта mel.fm

БАРБИ

Создательницей Барби стала Рут Хэндлер, супруга основателя фирмы Mattel Эллиота Хэндлера. По её словам, идея создания куклы, изображающей взрослую женщину, пришла к ней во время наблюдения за играми дочки и её подруг. В то время большинство кукол представляли собой пупсов-малышек, которых следовало нянчить, как младенцев, но десятилетняя Барбара и её приятельницы предпочитали им игры с бумажными куклами — «взрослыми». Такие куклы — их вырезали из листа картона, к которому прилагались или мастерились самостоятельно сменные наряды из бумаги, — были в своё время очень популярны из-за компактности и дешевизны; изображали они обычно взрослых женщин — красавиц-«моделей». Как утверждает Рут, она почувствовала, что девочкам не хватает куклы, с помощью которой они могли бы разыгрывать разнообразные ситуации из взрослой



Их знают все:

ИСТОРИИ СОЗДАНИЯ ЗНАМЕНИТЫХ ИГРУШЕК

жизни и таким образом готовить себя к будущему. В руководстве Mattel к затее Рут отнеслись скептически, но в конце концов новая кукла была запущена в производство.


Хотя в рекламе Барби выступала под слоганом Teenage Fashion Model (буквально «Модель-подросток»), первые куклы серии отличались подчёркнуто «взрослыми» чертами лица и ярким, тяжёлым макияжем. В начале 1960-х Барби несколько раз подверглась редизайну с целью сделать её более похожей на подростка. В 1961 году у неё появился «бойфренд» Кен, в 1963 — «лучшая подруга» Мидж, в 1964 — «сестрёнка» Скиппер. Под руководством модельера Шарлотт Джонсон для Барби и её друзей непрерывно создавались новые костюмы и аксессуары. Периодически у неё появлялись новые «друзья» и «родственники». Первая чернокожая кукла в серии появилась в 1967 году — это был вариант куклы Фрэнси, «кузины» Барби; первая «самостоятельная» героиня-афроамериканка увидела свет двумя годами позже под именем Кристи. Некоторые куклы представляли собой копии реальных людей или персонажей кино- и телефильмов: так, «подруга» Барби Твигги создана по образцу известной модели,

Джулия изображала главную героиню одноимённого сериала с Дайан Кэрролл в главной роли. В 2002 году у Барби насчитывалось 6 «братьев и сестёр» и 31 «подруга» (включая снятых с производства персонажей), многие из которых имели собственных «друзей» или «бойфрендов».

ЛЕГО

Lego (лэго, от дат. Leg-godt — «играй хорошо») — серии конструктора, представляющие собой наборы деталей для сборки и моделирования разнообразных предметов. Наборы Lego выпускает группа корпораций Lego Group, главный офис которой находится в Дании, в городе Биллунн. Компания была основана 10 августа 1932 года; её название выглядит и звучит как лат. и итал. lego — «собираю», хотя первоначально она выпускала не конструкторы, а обычные деревянные игрушки.

Основным продуктом корпорации Lego являются разноцветные пластмассовые кирпичики, маленькие фигурки и тому подобное. Из Lego можно собрать такие объекты, как транспортные средства, здания, а также движущихся роботов. Всё, что построено, затем



можно разобрать, а детали использовать для создания других объектов.

Корпорация Lego начала производство пластмассовых кирпичиков в 1949 году. С тех пор Lego расширила сферу своей деятельности, создавая фильмы, игры, конкурсы, а также семь тематических парков развлечений, первым и самым большим из которых является Legoland на полуострове Ютландия, в небольшом городке Биллунд (Дания) — город, полностью построенный из конструктора Lego.

По состоянию на 2021 год, Lego была крупнейшей компанией по производству игрушек в мире. Компания переходит на экологичное производство. Конструктор будет производиться из пластиковых бутылок и стаканчиков из-под кофе.

В декабре 2013 года было завершено строительство и произведён запуск полноразмерного автомобиля из деталей Lego, работающего на поршнях, приводимых в движение сжатым воздухом. Разработчики утверждают, что на сооружение подобного чуда техники ушло около 500 тысяч деталей. Автомобиль развивает скорость до 30 км/ч.

КУБИК РУБИКА

Кубик Рубика (первоначально «магический кубик», венг. *bűvös kocka*) — механическая головоломка, изобретённая в 1974 году (и запатентованная в 1975 году) венгерским скульптором и преподавателем архитектуры Эрнё Рубиком.

Головоломка представляет собой пластмассовый куб $3 \times 3 \times 3$ (в первоначальном варианте) с 54 видимыми цветными наклейками. Грани большого куба способны вращаться вокруг 3 внутренних осей куба. Каждая из шести граней состоит из девяти квадратов и окрашена в один из шести цветов, в одном из распространённых вариантов окраски, расположенных парами друг напротив друга: красный — оранжевый, белый — жёлтый, синий — зелёный. Повороты граней позволяют переупорядочить цветные квадраты

множеством различных способов. Задача игрока заключается в том, чтобы «собрать кубик Рубика»: поворачивая грани куба, вернуть его в первоначальное состояние, когда каждая из граней состоит из квадратов одного цвета.

Название «Кубик Рубика» принято в большинстве языков мира, за исключением немецкого и китайского, где распространённым осталось его первоначальное наименование «Магический куб» (нем. *Zauberwürfel*; кит. 魔方 [мофан]), а также иврита, где его называют «венгерским кубиком».

В середине 1970-х Эрнё Рубик работал в отделе Дизайна интерьера в академии Прикладного искусства в Будапеште. Ему никак не удавалось втолковать студентам математическую теорию групп. Занимаясь группами, Рубик однажды сделал 27 деревянных кубиков, раскрасил каждый в шесть цветов. Неожиданно оказалось довольно трудно сложить из них один куб, чтобы каждая грань была окрашена в свой цвет. Сам Рубик бился над задачей целый месяц (хотя сообщается, что первый кубик Рубика был построен как обучающий инструмент, чтобы помочь его студентам понять трехмерные объекты, фактически первоначальная цель Рубика заключалась в решении проблемы структурного перемещения независимых частей). Но самым сложным оказалось придумать механизм, который состоял из 26 кубиков (в центральном не было необходимости) и структурного крепления.

30 января 1975 года Э. Рубик подал заявку и 28 марта 1977 года получил венгерский патент (HU170062) на своё изобретение, «Магический кубик».

По материалам сайта ru.wikipedia.org

МЕДАЛИ НА ОЛИМПИАДЕ

В конце августа в Польше прошла 16-я международная олимпиада по астрономии и астрофизике. В ней приняли участие более 250 школьников из 50 стран мира. Сборная Казахстана принимает участие в этой олимпиаде еще с 1992 года. В этом году ученики НИШ города Алматы завоевали призовые места: Ахмаджон Табаров завоевал серебро, а Елубай Бекасыл – бронзу.



РАЗРАБОТКА ГОНОЧНОГО АВТОМОБИЛЯ

Формула Студент – ежегодные соревнования для студентов. Команды из разных стран создают гоночные автомобили, которые представляют на этих соревнованиях. Учитываются такие показатели, как проект, исполнение, разгон и другие. В этом году сборная из Казахстана приняла участие в Формуле Студент впервые. Команда из университета Сулеймана Демиреля разработала транспорт за 4 месяца. По словам капитана команды, Елнура Отебая, созданием занимались всего 7 человек, в то время как в других командах их количество достигало 60.



ПРИЗОВЫЕ МЕСТА НА СОРЕВНОВАНИЯХ ПО ГЕОГРАФИИ

IGeO-2023 – международная олимпиада, в которой ежегодно принимают участие школьники со всего мира. В этом году она проходила в Индонезии. Ученики НИШ из Актобе и Шымкента принесли своей команде два призовых места. Соревнование проходило в три этапа: письменный тест, мультимедийный тест и практическое задание. Несмотря на непростые этапы соревнований, наши соотечественники хорошо подготовились: Санжар Хамитов завоевал золото, а Арсен Сыдыков – бронзу.



Готовим по популярным рецептам из Интернета!

БЫСТРАЯ ПАСТА

Что понадобится: сыр фета – 1 упаковка, отварные макароны - полпачки, помидоры – 200 гр, любимые специи, чеснок, соль – по вкусу.

Как готовим: в форму для запекания выкладываем сыр, вокруг выкладываем помидоры (черри или обычные, нарезанные небольшими кубиками), целые зубчики чеснока, посыпаем специями. Соль добавлять необязательно, если твой сыр достаточно соленый. Отправляем запекаться на 20-25 минут.

Вынимаем готовую массу, запеченный чеснок мелко рубим и возвращаем к сыру с помидорами. Добавляем готовые макароны и все хорошо перемешиваем. Паста из Tik-Tok готова!



ВОЗДУШНЫЙ ХЛЕБ ОБЛАКО

Что понадобится: яичные белки – 3 шт, сахар-песок – 40 гр, кукурузный крахмал – 1 столовая ложка, лимонная кислота и соль – по щепотке, краситель – по желанию.

Как готовим: белки комнатной температуры взбиваем миксером с щепоткой соли и лимонной кислотой, постепенно добавляем сахар. Нужно добиться плотных пиков. Добавляем крахмал и краситель, вымешиваем до однородности. Выкладываем в форму, застеленную бумагой для выпечки и отправляем в духовку, разогретую до 150 градусов на 25-30 минут. Снаружи он слегка подрумянится, но внутри будет белоснежным или ярко-красочным, если использовался краситель. Можно выбрать несколько цветов и сделать радужное облако. Воздушный хлеб готов!



КОФЕ ДАЛЬГОНА

Что понадобится: растворимый кофе, сахар-песок, горячая вода в пропорции 1:1, рекомендуем брать по 1 столовой ложке, молоко, лёд по желанию.

Как готовим: кофе, сахар и вод взбиваем миксером 1,5-2 минуты. Должна получиться воздушная кремовая масса. Молоко наливаем в любимый стакан или кружку, добавляем лед по желанию, сверху выкладываем полученную массу. Дальгона готов!



History of the Baikonur Cosmodrome

In May 1954 the government of the USSR adopted a decree on the creation of an intercontinental ballistic missile and a test site. After numerous studies and compliance with the necessary conditions, a steppe region on the banks of the Syr Darya River, near the village of Tyura-Tam, was chosen for the construction of the future cosmodrome. On January 12, 1955, the first detachment of military builders arrived at the Tyura-Tam station. Two years later, on May 5, 1957, the first launch complex was put into operation, which later got the name Gagarin Start. From that moment to the present, the Baikonur Cosmodrome has experienced many significant events.

August 21, 1957, was the first successful launch of an intercontinental ballistic missile called the R-7.

On October 4, 1957, the first artificial Earth satellite was launched from Baikonur. A month later, on November 3, the second satellite was sent with the first living being on it, the dog Laika.

On April 12, 1961, the first human being was sent into space from the Baikonur Cosmodrome. His name was Yuri Gagarin.

On April 19, 1971, the world's first space station was launched into low Earth orbit.

On July 15, 1975, the Soyuz-19 spacecraft was launched from the Baikonur Cosmodrome, carried out together with the American Apollo spacecraft, marking a new era in space exploration.

On February 20, 1986, the base module of the Mir station was launched into orbit on a Proton-K launch vehicle from the Baikonur Cosmodrome. Instead of the planned 5 years, the Mir station operated in Earth orbit for 15 years.

On November 20, 1998, the Zarya module, which became the first part of the ISS, was put into orbit. This day is considered the birthday of the ISS.

On January 27, 2016, the Roscosmos press service announced that more than 40 travel companies will be able to organize trips to Baikonur. From this day on, the once-secret object can be visited by everyone. The travel company «Advantour» is included in this list.

Attractions of the Baikonur Cosmodrome

The very first and main object of the Baikonur Cosmodrome is launch pad No. 1, also called the Gagarin Start. From there that the first rocket, the first artificial satellite of the Earth, and the ship with the first cosmonaut Yuri Gagarin, were launched. More than 600 rocket launches were made from there, and today it is also used to send astronauts to the ISS. The launch safe zone is a 1.4 km radius and the visibility from the observation deck is very good.

Launch pad No. 31 is mainly used to send cargo ships

to the ISS. It also has a safe observation zone with a radius of 1.4 km.

To launch heavy cargo rockets, there is a launch pad No. 81. It is noteworthy that for her the safe zone begins at a distance of 3 km, but eyewitnesses of the launches say that despite the fact that the distance from the observation deck is 2 times farther than at the Soyuz launch, there is 5 times more roar and entertainment.

On the territory of the Baikonur cosmodrome, there is also the Yubileiny airfield, which was built for the landing of the Buran space shuttles. Unfortunately, the huge 4,500-meter-long runway received this spacecraft only once, and the project was closed. However, today Yubileiny is used for special flights that deliver satellites and overall rocket parts to the cosmodrome.

In addition, the cosmodrome has a museum of the history of cosmonautics, which includes a large building with thousands of exhibits, an outdoor exposition with real rocket engines and the Buran space shuttle. The museum complex includes the houses of Korolev and Gagarin as well.

Nature and Climate

The Baikonur Cosmodrome is spread over the expanses of a steppe plain covered with sparse vegetation. Green grass and flowers are here only in the spring months. On the way to the spaceport, you can also see camels. In the fields, you can see various small birds, as well as rodents.

The climate at the spaceport is sharply continental, which means that there are strong daily and annual temperature fluctuations and relatively little precipitation (120 mm per year). Winters here are cold, down to -10 degrees Celsius, and summers are dry and hot - up to +40 degrees. The best time to travel to the Baikonur Cosmodrome is spring. However, the rocket launch schedule takes place all year round, according to the schedule. The rescheduling of the launch is possible only in case of a gale, but this is a very rare occurrence for Baikonur.

www.advantour.com



Facts about tigers



Tiger stripes are unique.

Like the human fingerprint, each tiger's stripe pattern is one of a kind. Individual tigers are identified by their unique stripes and counted using camera trap images to estimate population numbers, this could be in a protected area or on a bigger scale for a country population estimate.

Tigers can use their ears to communicate.

A tigress uses the white spots on the back of her ears to communicate with her cubs. They act as a flasher to the cubs, when a tigress senses danger she flattens her ears and the cubs respond by crouching down and hiding.

India has over half the world's population of tigers.

This makes counting them quite a logistical challenge! In 2018 India's national tiger survey made it into the Guinness Book of World Records for being the largest camera trap exercise in the world.

Tigers are endangered.

Because tiger populations have declined so significantly they're listed as 'endangered' by the International Union for Conservation of Nature. This means they are considered to be facing a very high risk of extinction in the wild.

On average two tigers are seized from traffickers every week.

Despite an increase in tiger populations, they remain under threat from the illegal wildlife trade. The number in trade will be much higher than the estimation of approximately 2 tigers seized a week, as this is based on what is seized and reported.

WWF is calling for governments to enforce clear bans on trade in tigers and their parts and products from any source, wild or captive.

There are more tigers in captivity than there are in the wild.

There are 3,900 tigers in the wild and both China and the US each have over an estimated 5,000 tigers in captivity.

Globally, there are some legitimate conservation breeding programmes for tigers, and where appropriately managed captive tigers could be used to re-establish wild populations in the future. However, many tiger farms across Asia profit from putting their tigers and their parts and products into trade. Not only does this undermine law enforcement efforts, but it perpetuates and even stimulates demand that also drives the poaching of wild tigers.

tigers.panda.org

«Қорғалжын Мемлекеттік табиғи қорығы»,
Ақмола облысы.
Дереккөзі: «Qazaqstan 3D»

